



FEATURES OF THE PETROCHEMICAL INDUSTRY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND ASSESSMENT OF ITS COMPETITIVENESS

*A. Kadyrbergenova**, *N. Ismagulova*, *R. Bagitova*, *M. Azhmagambetova*

Atyrau University of oil and gas named after S. Utebayev, Atyrau, Kazakhstan

e-mail: asel-k-80@mail.ru

Summary: *The petrochemical market is a necessary element of resource supply for all sectors of the economy. In its development, petrochemicals are ahead of related industries, such as oil production and refining. Even today, the volume of sales in monetary terms significantly exceeds the volume of sales of oil or petroleum products. In the future, the global petrochemical market will continue to grow faster than the oil and petroleum products market. The annual growth of the production rate of multi-tonnage plastics is expected to reach 5% by 2023, and the production of polyester fibers-6%. At the same time, the growth rate of oil demand, according to the Energy Information Agency (USA), will be 1.7% per year, including in developed countries – about 1% per year. The petrochemical industry is characterized by rapid development of scientific and technological progress, increasing the efficiency of public production.*

Key words: *petrochemical industry, products, competitiveness, competitiveness assessment*

МРНТИ06.52
ӘӨЖ 330.34

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-2.14>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМІНЕ ҚОСАТЫН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПкерлікТің ҚАРЖЫЛАЙ ҮЛЕСІН ТАЛДАУ

*А.Д. Тлеубекова**, *А.Б. Кутпанова*, *Г. К. Баймуратова*, *А. И. Ондасынова*

Алматы Экономика және статистика академиясы, Алматы, Қазақстан

e-mail: atleubekova@mail.ru

Түйін. *Осы зерттеудің ерекше қызығушылығы мен өзектілігі шағын және орта кәсіпкерліктің нарықтың қалыптасуы мен дамуының қозғаушы күші ретіндегі маңыздылығына байланысты. Шағын және орта кәсіпорындар тұтынушылық тауарлар мен қызметтерді өндіруді едәуір және айтарлықтай күрделі салымдарсыз кеңейтеді, халықтың өмір сүру жағдайларын теңестіруге көмектеседі, өндіріске еңбек, материалдық және қаржылық ресурстарды тартады, өндірісті монополиясыздандыруды жеделдетеді, бәсекелестіктің дамуына ықпал етеді, қоғамның орта таптарының негізі ретінде меншік иелерінің жаппай қабаттын қалыптастыруға негіз болады, оның тұрақтылығының кепілі, материалдық бюджет түсімдері мен тұрақты экономикалық өсудің көзі ретінде қызмет етеді.*

Шағын және орта бизнесті дамыту бәсекеге қабілетті нарықтық тетіктің күрделі синтезі мен ірі, орта және шағын өндірісті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын икемді аралас экономиканы қалыптастыруға, меншіктің әртүрлі нысандарын және экономиканың оларға барабар моделін біріктіруге жаһандық тенденцияларға жауап береді.

Түйін сөздер. *Шағын және орта кәсіпкерлік, жалпы ішкі өнім, жаңашылдық пен инновациялық қызмет, қаржылық жағдай, өсу қарқыны, экономикалық өсу, тұтынушылық сұраныс*

Негізгі ережелер. *Мақаланы жазу барысында келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді: Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне қосатын шағын және орта*



кәсіпкерліктің қаржылай үлесіне талдау, жалпы ішкі өніміне қосқан шағын және орта бизнестің үлесіне арналған 2021, 2022 жылдарға болжам жасалды.

Кіріспе. Шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы мақсаты – өндіріс негізінде пайда табу. Қалған мақсаттар - сатуды ұлғайту және ассортиментті кеңейту - келесі көрсеткіштер бойынша бағалануы мүмкін: қарастырылып отырған кезеңдегі сатылымның алдыңғы деңгеймен салыстырғанда өсуі; интенсивті факторларды қолдану есебінен өндіріс көлемінің артуы; өндіріс ырғағы; кәсіпорын ассортиментіндегі өнім атауларының саны; өнімнің жекелеген түрлерінің олардың жалпы өндірісі мен сатылуындағы үлесі. Өнімнің сапасын жақсарту және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуді мынадай көрсеткіштер бойынша бағалауға болады: кәсіпорынның жалпы өнім көлеміндегі жаңа прогрессивті өнімдердің үлесі; жақсырақ және бәсекеге қабілетті өнімді сатудан түскен пайда және т.б [1].

Әдістері. Қазіргі экономикалық жағдайда кәсіпкерліктің экономикалық дамудағы рөлі белсенді түрде талқылануда, ал кәсіпкерлікті өлшеу және зерттеу үшін статистика әдіснамасын әзірлеу көптеген статистикалық басқармалар мен халықаралық ұйымдар үшін қызметтің басым бағытына айналуда.

Нәтижелер мен талқылау. Бүгінде шағын және орта кәсіпкерліктің Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік проблемаларын шешуде зор әлеуеті бар екеніне ешкімнің де күмәні жоқ. Қазақстандық шағын кәсіпорындар қазірдің өзінде жаңа жұмыс орындарын құруға, бюджеттің кіріс бөлігіне, жаңашылдық пен инновациялық қызметті ынталандыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудың аса маңызды шарты болып табылатын меншік иелерінің орта тобын қалыптастыруға өз үлестерін қосуда [2].

Шағын кәсіпкерлік нарық конъюнктурасының өзгеруіне жедел ден қоя отырып, экономикаға қажетті икемділік береді. Шағын компаниялар тұтынушылық сұраныстың өзгеруіне тез жауап бере алады және осыған байланысты тұтынушылық нарықта қажетті тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Шағын бизнес бәсекелестік ортаны қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосады, бұл біздің экономикамыз үшін өте маңызды.

Кестеде мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне қосқан шағын және орта кәсіпкерліктің үлесінің өсімшесі, өсу қарқыны, өсімше қарқыны зерттеу жүргізілді. 2007 жылы 2005 жылға қарағанда 981 381 млн теңге өсімше көрсетсе, 2006 жылмен салыстырғанда 595 872 млн теңге өсімшені көрсеткен. Өсу қарқынына тоқталатын болсақ 2005 жылға қарағанда 163,5% өсу қарқынын көрсетті, 2006 жылмен салыстырғанда 130,8% өсу қарқынын көрсетіп отыр. Өсімше қарқынында қарайтын болсақ 2005 жылмен салыстырып көргенімізде 63,5% болса, 2006 жылмен салыстырғанда 30,8% өсу қарқынын көрсетті.

2010 жылға қарайтын болсақ 2005 жылмен салыстырып көргенде 5 731 723 млн теңге өсімшені көрсетті, 2009 жылмен салыстырғанда 1 908 842 млн теңге өсімшені құрады. Өсу қарқынына қарайтын болсақ 2005 жылмен салыстырғанда 471,2% көрсетті, ал 2009 жылмен салыстырып қарасақ өсу қарқыны 135,5% көрсетті. Өсімше қарқыны 2005 жылға қарағанда 371,2% артық болды, 2009 жылға қарағанда 35,5% артық болғанын байқауға болады.

2015 жылғада талдау жасасақ 2005 жылға қарағанда 14 155 349 млн теңге өсімшені құрады, 2014 жылмен салыстырғанда аса қатты өзгеріс сезілмей 131 324 млн теңгені көрсетті. 2005 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 1016,7% көрсетті, 2014 жылға қарағанда 100,8% өсу қарқынын көрсетті. Өсімше қарқынына қарайтын болсақ 2015 жылы 2005 жылмен салыстыра қарағанда 916,7% құрады, 2014 жылмен салыстырғанда 0,8% өсімше қарқынын көрсетті.




Кесте 1

Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне қосатын шағын және орта кәсіпкерліктің қаржылай үлесін талдау

Жылдар	ҚР ЖІӨ-ге қосылатын қаржы, млн тг	Өсімше		Өсу қарқыны		Өсімше қарқыны	
		у	базистік	тізбек	базистік	тізбек	базистік
2005	1 544 056						
2006	1 929 565	385 509	385 509	124,96729	124,967294	24,9672939	24,9672939
2007	2 525 437	981 381	595 872	163,5586	130,8812	63,55864	30,88116
2008	4 872 965	3 328 909	2 347 528	315,59509	192,955318	215,595095	92,9553182
2009	5 366 937	3 822 881	493 972	347,58694	110,136991	247,58694	10,1369905
2010	7 275 779	5 731 723	1 908 842	471,2121	135,5667	371,21212	35,56669
2011	7 603 805	6 059 749	328 026	492,45656	104,508466	392,456556	4,50846569
2012	8 255 123	6 711 067	651 318	534,63883	108,565685	434,638834	8,56568521
2013	9 165 412	7 621 356	910 289	593,59324	111,026959	493,593238	11,0269587
2014	15 568 081	14 024 025	6 402 669	1008,2588	169,85686	908,258833	69,8568597
2015	15 699 405	14 155 349	131 324	1016,764	100,8435	916,76396	0,843546
2016	19 609 010	18 064 954	3 909 605	1269,9675	124,902886	1169,96754	24,9028864
2017	23 241 125	21 697 069	3 632 115	1505,1996	118,522684	1405,19962	18,5226842
2018	26 473 049	24 928 993	3 231 924	1714,5135	113,906057	1614,51353	13,9060566
2019	32 386 960	30 842 904	5 913 911	2097,525	122,3394	1997,525	22,33936

Ескертпе: ҚР статистика агенттігінің мәліметі бойынша [3]

Кестеде көріп тұрғандай 2019 жылға қарасақ 2005 жылмен салыстырғанда өсімше жоғарғы деңгейде болып 30 842 904 млн теңгені көрсетті, ал 2018 жылмен салыстыра қарасақ өсімше 5 913 911 млн теңгені көрсетті. Өсу қарқынына тоқталсақ, 2005 жылмен салыстыра алғанда 2097,5% көрсетсе, 2018 жылмен салыстыра алғанда 122,3% көрсетті. Өсімше қарқыны 2005 жылмен салыстырып көрсек 1997,5% болды, ал 2018 жылмен салыстырып көрсек 22,3% болды. Осы кесте мәліметтерін негізге ала отырып өсу динамикасын жасай аламыз.



Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы ЖІӨ-ге қосылған қаржы, млн. тг



Диаграмма мәліметтері бойынша жалпы Қазақстан Республикасы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы ішкі өнімге қосқан қаржылай үлесі көрсетілген. Елімізде шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімге қосатын үлесі жыл сайын артып отырған. Бірақ 2014 жылдан бастап өте қарқынды түрде дамып отырған. Оны кестеден толық аңғаруға болады. 2005 жылға тоқталатын болсақ, ол кездегі көрсеткіш небәрі 1 544 056 млн теңгені құраған болатын. Ал 2007 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 981 381 млн теңгеге өсіп, 2 525 437 млн теңгені құрады. 2010 жылға зер салсақ бірден 4 750 342 млн теңгеге өсіп, 7 275 779 млн теңгені құрады. 2015 жылы 2010 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп, яғни 8 423 626 млн теңгеге өсіп, 15 699 405 млн теңгені көрсетті. Осы көрсеткішті жоғарғы деңгей деп санап отырғанда 2019 жылы 32 386 960 млн теңге болып, 16 687 555 млн теңге өсім көрсетті. Бұл көрсеткіштермен ғана шектеліп қалмай шағын және орта бизнес қарқынды түрде дамып келе жатыр.

Кесте 2

Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне қосқан шағын және орта бизнестің үлесіне арналған 2021, 2022 жылдарға болжам

Жылдар	ҚР ЖІӨ-ге қосылған қаржы, млн тг	Жылдар	ҚР ЖІӨ-ге қосылған қаржы, млн тг
2005	1 544 056	2014	15 568 081
2006	1 929 565	2015	15 699 405
2007	2 525 437	2016	19 609 010
2008	4 872 965	2017	23 241 125
2009	5 366 937	2018	26 473 049
2010	7 275 779	2019	32 386 960
2011	7 603 805	2020	35 847 392
2012	8 255 123	2021	37 498 243
2013	9 165 412	2022	42 454 728

Ескертпе: ҚР статистика агенттігінің мәліметі бойынша [3]

Жалпы экономика үшін шағын және орта бизнестің қызметі оның икемділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.



Сурет 2. Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне қосқан шағын және орта бизнестің үлесіне арналған 2021, 2022 жылдарға болжам



Кесте мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне қосатын шағын және орта кәсіпкерліктің қаржылай үлесіне алдағы 2021, 2022 жылдарға болжам жасалды. Болжам бойынша 2021 жылы қосатын үлесі 37 498 243 млн теңге, 2022 жылы 42 454 728 млн теңге болады деп күтілуде. Егерде осы болжам бойынша шағын және орта кәсіпкерлік қарқынды түрде дамыса еліміздің экономикалық қозғаушы күшіне айналып дамыған он елдің қатарына кіруімізге себепші болады.

Қорытынды. Шағын және орта бизнес еліміздің қозғаушы күшіне айналу керек дегенге толығырақ назар аударып, өзектілігін анықтадық. Шағын және орта бизнестің өзі жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, қалыпты ұстап тұруға себепші болатын негізгі фактор. Шағын және орта бизнес аясында жұмыс істейтін азаматтар жыл санап артып келе жатқанын байқауға болады. Бұл қоғамның өзі жекешелендіруге, бәсекеге қабілетті болуға барынша бет бұрып жатқанын аңғартады. Зерттеу негізінде жалпы ішкі өнімге қосқан шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне тереңірек үңілген болатынбыз. 2005 жылдары жалпы ішкі өнімге мардымсыз ғана қаражат түсірген болса, 2019 жылы 32 386 960 млн теңге қаражат түсірген. Ал қазіргі таңда шағын және орта бизнесті қолдайтын түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мысалға «Бизнестің жол картасы-2020», «Astana - ZhasStarT» бағдарламаларын алуға болады. Сонымен қатар елімізде шағын және орта кәсіпкерлікке толық қолдау білдіретін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы өз жұмысын белсене атқаруда [4]. Қорытындылай келгенде елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің қарқынды дамып жатқаны, еліміздің болашағының берік болатынын білдіреді. Бірақ әліде мемлекет тарапынан қолдаулар керек. Субсидиялар мен жеңілдіктер көбірек бөлінсе, шағын және орта бизнес тоқтаусыз дамитыны көрсетеді. Мемлекеттің экономикалық қозғаушы күшіне шағын және орта кәсіпкерлік айналуы керек. Талдаулар жасағаннан, болжамдар жасағаннан осындай ой түюге болады. Егерде шағын және орта кәсіпкерлік еліміздің экономикалық қозғаушы күшіне айналған жағдайда кез келген дағдарысты еңсеріп, дамыған елдер қатарынан көрінуге болады. Еліміздің ішкі тұтынушы нарығын толығымен қамтамасыз етіп, экспорт деңгейін көтеруге толық жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балдина, Ю.А. Роль и место субъектов малого и среднего предпринимательства в современных экономических условиях / Вестник Удмуртского университета. Серия Экономика и право. 2018. Т. 26. № 4. [Электронный источник]

2. Горфинкель, В.Я. Малое предпринимательство: организация, управление, экономика: учебное пособие/В.Я. Горфинкель, С.В. Земляк, О.М. Маркова и др. М.: Вузовский учебник: ИНФРА-М, 2019 – 89с.

3. <https://stat.gov.kz/>

4. <http://astana.gov.kz/kz/news/news/16760> Шағын және орта бизнеске көмек беретін мемлекеттік бағдарламалар

Spisok literaturey:

1. Baldina, Yu. A. Rol i mesto subieektov malogo i srednego predprinimatelstva v sovremennykh ekonomicheskikh usloviakh / Vestnik Udmurtskogo universiteta. Seriya Ekonomika i pravo. 2018. T. 26. № 4. [Elektronnyi istochnik]

2. Gorfinkel, V. Ia. Maloe predpriatie: organizatsiia, upravlenie, ekonomika: uchebnoe posobie/V. Ia. Gorfinkel, S. V. Zemliak, O. M. Markova i dr. M.: Vuzovskii uchebник: INFRA-M, 2019-89s.

3. <https://stat.gov.kz/>

4. <http://astana.gov.kz/KZ/news/news/16760> gosudarstvennye programmy pomoshchi naseleniiu i srednemu biznesu



АНАЛИЗ ФИНАНСОВОГО ВКЛАДА МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ВАЛОВОЙ ВНУТРЕННИЙ ПРОДУКТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*А.Д. Тлеубекова**, *А.Б. Кутпанова*, *Г. К. Баймуратова*, *А. И. Ондасынова*
Алматинская академия экономики и статистики, г. Алматы, Казахстан
e-mail: atleubekova@mail.ru

Резюме. Особый интерес и актуальность данного исследования обусловлена значимостью малого и среднего предпринимательства как движущей силы становления и развития рынка. Малые и средние предприятия расширяют производство потребительских товаров и услуг значительно и без существенных капитальных вложений, способствуют выравниванию условий жизни населения, вовлекают в производство трудовые, материальные и финансовые ресурсы, ускоряют демонаполизацию производства, способствуют развитию конкуренции, служат основой для формирования массового слоя собственников как основы среднего класса общества., служит гарантом его стабильности, источником поступления материальных средств бюджета и устойчивого экономического роста.

Ключевые слова. Малое и среднее предпринимательство, валовой внутренний продукт, инновации и инновационная деятельность, финансовое состояние, темпы роста, экономический рост, потребительский спрос

ANALYSIS OF THE FINANCIAL CONTRIBUTION OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES TO THE GROSS DOMESTIC PRODUCT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*A. D. Tleubekova**, *A. B. Kutpanova*, *G. K. Baymuratova*, *A. I. Ondasynova*
Almaty Academy of Economics and Statistics, Almaty, Kazakhstan
e-mail: atleubekova@mail.ru

Summary. The special interest and relevance of this study is due to the importance of small and medium-sized businesses as a driving force for the formation and development of the market. Small and medium-sized enterprises expand the production of consumer goods and services significantly and without significant capital investments, contribute to the equalization of the living conditions of the population, involve labor, material and financial resources in production, accelerate the demonopolization of production, promote competition, and serve as the basis for the formation of a mass layer of owners as the basis of the middle class of society., serves as a guarantor of its stability, a source of income from the budget's material resources and sustainable economic growth.

Key words. Small and medium-sized enterprises, gross domestic product, innovation and innovation activity, financial condition, growth rate, economic growth, consumer demand.